

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау – кен ісі институты

Тау – кен ісі кафедрасы

Елемес Санжар Сәрсенбайұлы

Дипломдық жобаның

**ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБАСЫ**

Тақырыбы: «Жезқазған кенорны жағдайында жерасты кен қазу  
жобасын жобалау»

Аранайы бөлім: «Тұйық қазбаларды желдетуді таңдау»  
5B070700 – Тау – кен ісі

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау – кен ісі институты

Тау – кен ісі кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. докторы,

\_\_\_\_\_ Қ.Б. Рысбеков

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020ж.

## **ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

Тақырыбы: «Жезқазған кенорны жағдайында жерасты кен қазу  
жобасын жобалау»

Аранайы бөлім: «Тұйық қазбаларды желдетуді таңдау»  
5B070700 – Тау – кен ісі

Орындаған:

Елемес С.С.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., доцент

\_\_\_\_\_ М. Елузах

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020ж.

Алматы 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті

Қ. Тұрысов атындағы геология, мұнай және тау – кен ісі институты

Тау – кен ісі кафедрасы

5B070700 – Тау – кен ісі мамандығы

Дипломдық жобаны даярлауға

**ТАПСЫРМА**

Білім алушы Елемес Санжар Сәрсенбайұлы

Жобаның тақырыбы Жезқазан кен орны жағдайында жерасты кен қазу жұмыстарын жобалау

Институттың №762-Б «27» қаңтар 2020ж ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «\_\_\_» \_\_\_\_\_

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері:

- кеннің созылым ұзындығы  $S_{\text{аудан}} = 900\text{м}$ .
- кеннің қалыңдығы  $m = 12\text{м}$ .
- кеннің құлау бұрышы  $\alpha = 0^\circ$ .
- кеннің ені – 600м.

Есеп – түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны:

- андатпа, кіріспе;
- геология, ашу және даярлау, арнайы бөлім;
- электрмен жабдықтау, табиғатты қорғау және еңбекті қорғау, өндірістік алаң және жер бетінің жоспары, экономика;
- қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, сұлбалар.

Графикалық материалдардың тізімі: геология, кенішті ашу және даярлау, электрмен жабдықтау, бас жоспар және т.б. қажетті кестелер мен сызбалар – А1 форматтағы 7 сызба.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер:

1 Агошков М.И Борисов С.С Боярский В.А. разработка рудных и нерудных месторождений. М: Недра 1970.

2 Абдраман Ш.А жер асты кен қазу технологиясы алматы «Білім» 1999

3 Абдраман Ш.А жер астында руда қазудың процесстерін есептеу. Алматы, Ана тілі; 1991.

Дипломдық жобаны даярлау  
**КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Электрмен жабдықтау		
Табиғатты қорғау және еңбекті қорғау		
Экономика және өндірісті ұйымдастыру		

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының  
бөлімдерінің кеңесшілері мен нормалық бақылаушының

**қолтаңбалары**

Бөлімдер атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Кен орнының геологиясы	Елузах М. техн. ғыл. канд. доцент		
Арнайы бөлім			
Кеніш көлігі және оқпан албары			
Кеніш эрологиясы			
Электрмен жабдықтау			
Еңбекті қорғау			
Экономика және өндірісті ұйымдастыру			
Мөлшер бақылаушы			

Тапсырма берілген күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020ж.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Қ.Б. Рысбеков  
(қолы)

Жобаның жетекшісі \_\_\_\_\_ М. Елузах  
(қолы)

Тапсырма жасауға қабылдады студент \_\_\_\_\_ С.С.Елемес  
(қолы)

Күні « \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2020ж.

## АҢДАТПА

Түсініктеме сөздер: кен орны, электромеханикалық жабдықтар, көтерім қондырғылары, құрастыру жұмыс тәртібі, қауіпсіздік, экономикалық нәтиже.

Жезқазған кен орны жағдайында пайдалы қазбаларды жер асты өндірудің негізгі технологиялық үрдістерін механикаландыру жобаланады.

Жобада тау-кен техникалық жағдайына сәйкес шахта қазу, жүргізу және тазарту жұмыстары, кеніш көлігі, су сорғыш, көтеру, шахтаға таза ауа беру есептері орындалып электро - механикалық жабдықтар тандалған.

Арнайы бөлімде тқйық қазбаларды желдетуді таңдау қарастырылған.

Барлық бөлімдерде техника-экономикалық көрсеткіштер есебі, еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы көрсетілген.

## АННОТАЦИЯ

Ключевые слова: Рудник, электромеханическое оборудование, подъемные установки, монтаж и эксплуатация, безопасность, экономическая (часть) эффективность.

"Механизация основных технологических процессов подземной добычи полезных ископаемых" применительно к условиям Жезказганского месторождения

В проекте на базе горно – технических условиях разработки Жезказганского месторождения осуществлены расчет и выбрано электромеханическое оборудования для проходческих и очистных работ, рудничного транспорта и подъема, водоотлива, обще шахтного проветривания, снабжение горных работ сжатым воздухом.

По всем разделом проведены расчеты механика – экономических показателей и предусмотрена техника безопасности.

## ANATATION

Qualification project is concerned with theme “To mechanize basic technological processes of underground minerals processing in Zhezkazgan mine region” .

Calculations and choice of equipment for mauntion pass and ratification works, mining transport and lift, water off and ventilation, providing of mining works with the help of compressed gas and electro energy has been made in the project in the basis of Zhezkazgan layer.

A special part of a project describes the machine for charge in always cold lands.

Calculations of technico – economical indexes has been made and the measures on safeguarding of labour, industrial samitation and technical security has also been foreseen.

## КІРІСПЕ

Бүгінгі күнде тау – кен өндірісі көлемді еңбекті салалардың біріне жатады. Бұл салада қордың қайтарылуын және пәрменділігін жоғарылату, ресурстарды сақтау технологияларын кеңінен енгізу бүкіләлемдік экономиканың жолы болып табылады. Еңбек өнімділігін жоғарылату негізгі және көмекші үдірістерді кешенді механикаландырумен жүзеге асырылады.

Соңғы уақытта жерасты жұмыстарының үдірістерін және шама – шарттарын оңтайландыру зор мағынада. Ашу тәсілдерін, қазу жүйелерін, уату, жеткізу шама – шарттарын және басқа да үдірістерді таңдау мүмкін болатын нұсқалардың техника – экономикалық көрсеткіштерін салыстыру негізінде орындалады. Осы Жезқазған кен орнының жобасы жоғарыда жазылған барлық талаптар негізінде құрылады.

Жезқазған кен орны Қазақстан Республикасының Қарағанды облысында орналасқан.

Рельефі ұсақшоқылық. Абсолютті белгілері кен орны негізінде 380 – 440м тең. Ауданның климаты күртконтинентальді. Жылдық атмосфералық жауын-шашындар 80 – 160мм тұрады.



## **1 Жезқазған кенорнының геологиясы**

Кенорны Қ.И. Сәтбаевтың болжауы бойынша гидротермальді генезисті, құмтасты алевролитті жыныстардың кешеніне орналасқан және мысты құмтастарға жатады. Жезқазған кенділігінің қабаты екі свитаға бөлінеді: төменгі және жоғарғы болып.

### **1.1 Кен қабатының стратиграфиясы**

Жезқазғандағы Жезқазған кен қабаты жыныстарын Қ.И. Сәтбаевтың 36 металды қабаттарға бөлген. Қазіргі уақытта Жезқазғанда 44 қабат бөлінген, олар 9 кенділік деңгейжиекке топтастырылған. Тасқұдық свитасында үш кенділік деңгейжиек құратын 16 қызыл және сұр құмтастармен алевролиттердің қабаттарымен ерекшелінеді.

Свитаның жалпы қалыңдығы (257) №1 (Тасқұдықты) кенділік горизонты 4 қабатты (Т – 1; Т – 3; Т – 5; Т – 7) біріктіреді, олар ұсақ сұр және политүйіршікті полилитті құмтастармен олардың 4 қабаты (Т – 2; Т – 4; Т – 6; Т – 8) қызыл политүйіршікті құмтастар сирек емес қызыл алевролиттермен араласқан түрде көрсетілген.

Жезқазғанның солтүстік бөлігінде (Т – 7 қабаты) бытыраңқы кен шоғырлары түрінде шамалы мыс және қорғасын кенденуі анықталған №2 кенділік деңгейжиек 3 қабат (Т – 9; Т – 11; Т – 13) сұр құмтастарды және 3 қабат (Т – 10; Т – 12; Т – 14) қызыл ұсақ түйіршікті және қызыл алевролиттермен құмтастардың қатшаларынан тұрады. Қызыл түсті тау жыныстарының қатарының ішінен қалыңдығы 18м Т-14 тау жыныстарының қабаты, ол шығысында жақындасқан кен горизонтының ерекше төзімділігі бар катпалы әктастардан тұрады.

### **1.2 Жезқазған свитасы**

Қалыңдығы 385м 6 кенділік деңгейжиегін біріктірген қызылтүсті (құмтастар, алевролиттер және конгломераттар) және сұртүсті 27 бөлек орны ауыстырылған тау жыныстарынан тұрады.

№4 (төменгі Раймунд) кенділік горизонты 2 қабаттан тұрады, олардың біреуі (Д – 1) сұр түспен, ал екіншісі (Д – 2) қызыл түсті тау жыныстарынан тұрады. Д – 1 қабаты орта және ірітүйіршікті полилитті құмтастармен қалыптасқан. Мысты және қорғасынды кенденуі тігінен екі кен шоғырымен ерекшеленеді.

Жезқазған раймунд түріндегі конгломераттар сұр түсті тау жыныстарының Т – 13 тен Д – 13 ке дейінгі қабаттарының құрамына кіреді, тиісінше олар Жезқазғанның бес кенділік горизонттарынан (№2 ден №6 дейін) тұратын тау жыныстарының стратиграфиялық көлеміне сәйкес №5 (орта Раймунд) кенділік горизонты қызыл – түсті алевролиттер мен құмтастардың үш

кабатынан (Д – 4; Д – 6; Д – 8), сонымен қатар раймунд конгломераттарынан қатшалы құмтастарының үш қабатынан (Д – 3; Д – 5; Д – 7) тұрады. Кенорынның жоспарында кенділік горизонтының кен шоғыры көбіне орталық және оңтүстік структураларында орналасқан. №6 (жоғарғы Раймунд) кенділік горизонты алты бөлек қабаттарды біріктіреді, олардың ішінен үшеуі (Д – 10; Д – 12; Д – 14) ұсақ түйіршікті қызыл құмтасты қатшаларының қызыл алевролиттерінен және раймонд конгломераттарының (Д – 9; Д – 11; Д – 13) линзаларынан тұратын үш орта және ұсақ түйікшікті сұр құмтастардан құрылған. Сұр құмтастардың қабаттары да бір кен шоғырында мыс, ал бөлек бөлікшелерде полиметалдыкендерден тұрады. №7 кенділік (Кресті) горизонты алты бірдей қабаттарды біріктіреді. Олардың үшеуі қызыл алевролитті және қызыл құмтастардан тұратын (Д – 16; Д – 18; Д – 20 қабаттары), ал басқа үшеуі орта және ұсақ түйіршікті әктасты құмтастардан тұрады. Орталық Жезқазғанның бөлек бөлікшелері кенділік және олардың әрқайсысына бір кен ұштастырылған. Кен құрамында мыс, тек басқа кен шоғырларының бөлек бөлікшелері полиметалды құрамынан тұрады.

№8 (Акчи) кенділік горизонт екі қабатты (Д – 22; Д – 24) қызыл алевролитті және екі (Д – 21; Д – 23) сұр ұсақ түйіршікті әктасты кенділік құмтастарды құрайды. Осы қабаттарда 8 – 1, 8 – 2 кен шоғырлары бар, олардың негізгі құрамы мыс, №9 (Анненский) кенділік горизонт қызыл алевролитті (құмтастармен) қатшалармен орналасқан, қызыл құмтастардың бір қабатын (Д – 26) және кенденуі мыс болатын сұр ұсақ түйіршікті полимикті құмтастардың екі қабатын (Д – 25; Д – 27) біріктіреді. Орташа қалыңдығы 11м болатын Д – 25 қабаты бір кен шоғырынан (9 – 1), ал құмтастармен байланысқан қалыңдығы 42м болатын қабат тігінен қара үш кен қорынан тұрады. 60м өту горизонтының қалыңдығы 2 – 3м қызғылт – сұр құмтастармен, сұр қатпарлардың құмтастарынан және қызыл алевролиттерден тұрады. Онда спасск блогының алаңында мыстың, қорғасынның және мырыштың өнеркәсіптік мөлшерінің аса үлкен емес кенденулері жиі кездеседі. Осы горизонтпен Жезқазған кенділік қатқабаты бітеді және Тасқұдық, Жезқазған свиталары көрсетілген күйінде Тасқұдық – Покро және Кресті күмбездерінің құрылымдары үшін сақталады.

Жезқазған кенділік қатқабатының тау жыныстарының қасиеттерімынадай сипатта болады:

1. Рудалар тек күкіртті тотықты тау жыныстарында болады, олардалашпатты құмтастар, конгломераттар, кейде алевролиттер.

2. Рудалы сұр құмтастарға орталық Жезқазған шегіндегі параллель қабаттастығы айқын, оларда өсімдік қалдықтардың толығымен болмауы тиіс.

3. Т – 13; Т – 15; Д – 3; Д – 5; Д – 7; Д – 9; рудалы қабаттардың құрамына, құмтастар кейде ірі түйіршіктері молынан қосылған малтастар, әктастар, порфирлер, кварциттер кіреді.

Д – 1 қабатты раймунд конгломераттарымен барлық Жезқазғанның кенділік қатқабатын екі свитаға бөлетін қабаты ретінде қабылданған: Төменгі Тасқұдық және жоғарғы Жезқазған свиталары.

4.Қызыл аргелиттердегі және алевролиттердегі жиі темір гидрототықтары сорғытылмаған.

### **1.3 Тектоникалық құрылымы**

Жезқазған кенділік қатқабаты Ұлытау белдеуінің ендік созылымы бойынша жатыр, тас қыртысты желілі құрылымдар мен меридианды қыртыстардың тоғысу бөліктерінде орналасқан.

Аудандар қыртысты құрылымында үш қабатқа бөлінген: төменгі полеозой, орта герцен және жоғарғы альней. Төменгі полеозой жыныстар үшін күртқұлама бұрыштар сипатына көлбеу қабаттарының ( $60^{\circ}$  -  $70^{\circ}$ ) пластина ішіндегі қатпарлары жатады.

Орташа құрылымдық қабат. Оның құрылымына девон, тас көмір және пермь жүйелерінің тау жыныстары қатысады. Аса маңыздысы шойтасты қатпарлар болады. Полеозой түзілімдерінің жоғарғы құрылымдық қабаты, грушин құрылымдық қабатында көбінесе жоғары жатады.

### **1.4 Кеннің минералдық құрылымы**

Жезқазғанның басты байлығы-мыс. Ол кеңінен тараған халькоперит, борнит, халькозин, сульфидтер түрінде болады. Аз түйіршіктілік пен темірлілік кендердің құрамының ерекшелігі болып табылады. Қорғасынды және мырышты кенденулер үлкен мағына береді. Олар мыс құрамында және бірнеше жекелеген түрде орналасады. Жетекші элементтердің ішінен ең көп тарағаны күміс. Мышьяк, никель, алтын, кобальттар да кездеседі.

## 2 Ашу және даярлау

### 2.1 Шақты алабын ашу және даярлау

Жезқазған кенорнын бірнеше тәсілдермен ашуға болады.

Таңдап алынған ашу тәсілі келесі талаптарға қанағаттандыруы керек: тау – кен қазбаларының жеңілдетуінің жақсы жағдайлары және жұмыс қауіпсіздігі, жер қойнауынан пайдалы қазбаларды барынша көп өндіріп алу, күрделі және тұтынымдық қаржыны үнемдеу, тазартпа жұмыстарының дамуымен шақты алабын ашудың ең аз мерзімде орындалуы, қажетті өндірісті қуатты қамтамасыздандыру.

Екі бәсекелес нұсқалардың ішінен біреуін, яғни қолайлысын таңдаймыз.

1. нұсқа: Бір кілетті және конвейерлі көлбеу оқпанмен және қапталынан екі көмекші оқпанымен ашу.

2. нұсқа: Кен орынның қапталынан екі тік көмекші және екі негізгі тік оқпандармен ашу.

Салыстырма бағалаудың белгісі болып келтірілген шығыстың ең аз мөлшері болады.

$$I = C_{\text{э}} + E_{\text{н}} \cdot K_{\text{М}} \rightarrow \min, \quad (2.1)$$

мұндағы  $C_{\text{э}}$  - меншікті тұтынымды шығындар,

$K_{\text{М}}$  - меншікті күрделі қаржы,

$E_{\text{н}}$  - нормативті коэффициент,

$$E_{\text{н}} = \frac{1}{T_{\text{о}}}, \quad (2.2)$$

мұндағы  $T_{\text{о}}$  - күрделі жұмсалымдардың өтеу мерзімі

$$T_{\text{о}} = 7 \text{ жыл.}$$

Екі нұсқалар үшін технико экономикалық көрсеткіштерін (ТЭК) есептейміз.

### 2.2 Нұсқалардың технико-экономикалық көрсеткіштері

#### 1-ші Тәсіл

1) Күрделі жұмсалымдар.

1. Бас тік оқпанды өту құны:

$$K_{\text{БО}} = H_{\text{БО}} \cdot K_{\text{БО}} \cdot n, \quad (2.3)$$

мұндағы  $H_{BO}$  - клеттік бас оқпан тереңдігі, м;

$K_{BO}$  - 1м оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны.

$$K_{BO} = 900 \cdot 1650000 \cdot 1 = 1485000000 \text{ тг.}$$

1

2 Көмекші оқпанды өту құны:

$$K_{KO} = L_{KO} \cdot K_{KO} \cdot n, \quad (2.4)$$

мұндағы  $L_{KO}$  - көлбеу оқпанның ұзындығы, м;

$K_{KO}$  - 1м көмекші оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны

$$K_{KO} = 850 \cdot 3 \cdot 110000 = 280500000 \text{ тг}$$

3 Желдетпе оқпанды өту құны:

$$K_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot K_{ЖО} \cdot n, \quad (2.5)$$

мұндағы  $H_{ЖО}$  - оқпан тереңдігі, м;

$K_{ЖО}$  - 1м желдетпе оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны.

4 Қылуеттерді өту құны:

$$K_{КЫЛ} = L_K \cdot K_K, \quad (2.6)$$

мұндағы  $L_K$  - қылуеттің ұзындығы, м;

$K_K$  - 1м қылуетті өту құны, тг/м;

$n$  - қылуеттер саны

$$K_{КЫЛ} = (2500 + 100 + 50) \cdot 2100 = 5565000 \text{ тг.}$$

5. Күрделі өрлемелерді өту құны:

$$K_o = \sum h_o \cdot K_k \quad (2.7)$$

$$K_o = 1715 \cdot 12000 = 20580000 m_2$$

6. Оқпан албарын өту құны:

$$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot A_{ж}) \cdot n_{OA}, \quad (2.8)$$

мұндағы  $A_{ж}$  - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл;

$n_{OA}$  - оқпан албарының саны;

$$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot 1.7) \cdot 1 = 816000.24$$

7. Жерүсті ғимараттарды салу құны:

$$K_{ЖГ} = 9.2 + 3.24 \cdot A_{ж}, \quad (2.9)$$

$$K_{ЖГ} = 9.2 + 3.24 \cdot 1700000 = 5508009.3 m_2.$$

8. Күрделі жұмсалымдар жиынтығы:  $\sum K = 456511801.2 m_2$ .

9. 1 т түсім қорына шаққанда

$$K_1 = \frac{\sum K}{Q_e}, m_2 / m; \quad (2.10)$$

$$K_1 = \frac{456}{70} = 6.5 m_2 / m.$$

10. Меншікті күрделі қаржы

$$K_1 = \frac{\sum K}{A_{ж}}, m_2 / m; \quad (2.11)$$

$$K_1 = \frac{456}{1.7} = 268 m_2 / m.$$

II) Тұтынымдық шығындар

1. Бас оқпанды күтіп ұстау құны:

$$C_{BO} = H_{BO} \cdot r_{BO} \cdot T \cdot n_{BO}, \quad (2.12)$$

мұндағы  $r_{BO}$  - 1м оқпанды күтіп ұстау құны, тг/м;

$$C_{BO} = 900 \cdot 1200 \cdot 62 \cdot 1 = 66960000 \text{ тг.}$$

2. Көмекші оқпанды күтіп ұстау құны:

$$C_{KO} = H_{KO} \cdot r_{KO} \cdot T \cdot n_{KO}, \quad (2.13)$$

мұндағы  $H_{KO}$  - көлбеу оқпан ұзындығы, м;

$r_{KO}$  - 1м оқпанды күтіп ұстау құны, тг/м;

$$C_{KO} = 850 \cdot 900 \cdot 62 \cdot 3 = 142290000 \text{ тг.}$$

3. Желдетпе оқпандарды күтіп ұстау құны:

$$C_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot r_{ЖО} \cdot n_{ЖО} \cdot T, \quad (2.14)$$

мұндағы  $r_{ЖО}$  - 1м желдетпе оқпанды күтіп ұстау құны, тг;

4. Қылуәттерді күтіп ұстау құны:

$$C_{КЫЛ} = L_K \cdot r_K \cdot T \cdot n_K, \quad (2.15)$$

мұндағы  $L_K$  - қылуәттердің ұзындығы, м;

$r_K$  - 1м қылуәтті күтіп ұстау құны, тг/м.

$$C_{КЫЛ} = 2650 \cdot 62 \cdot 600 = 98580000 \text{ тг.}$$

5. Қылуәтпен тасымалдау құны:

$$C_{КТ} = L_{КТ} \cdot Q \cdot K_T, \quad (2.16)$$

мұндағы  $K_T$  - тасымалдау құны, тг/т·м;

$$C_{КТ} = 2650 \cdot 70 \cdot 0.0003 = 55.65 \cdot 10^6 \text{ тг.}$$

6. Кенді көлбеу оқпанмен тасымалдау құны:

$$C_{КОТ} = 0.5(H + h_n) \cdot Q_m \cdot C_{КТ}, \quad (2.17)$$

$$C_{КОТ} = 0.5(900 + 20) \cdot 70 \cdot 0.004 = 12.88 \cdot 10^6 \text{ мг}$$

7. Сутөкпе құны:

$$C_{КОТ} = 48(H + h_n) \cdot 0.5 \cdot C_{сү}, \quad (2.18)$$

$$C_{КОТ} = 0.5(900 + 20) \cdot 70 \cdot 0.0002 = 6.44 \cdot 10^6 \text{ мг}$$

7. Шақты үсті ғимаратын күтіп ұстау және жөндеу құны:

$$C_{ШГ} = (0.164 + 0.007 \cdot A_{ж}) \cdot T, \quad (2.19)$$

$$C_{ШГ} = (0.164 + 0.07 \cdot 1700000) \cdot 62 = 7378010 \text{ мг}.$$

9. Тұтынымдық шығындар жиынтығы:

$$\sum \mathcal{E}_{ж} = 390178010 \text{ мг}$$

10. 1т түсім қорына шаққанда:

$$\mathcal{E} = \frac{\sum \mathcal{E}_{ж}}{Q_T}, \quad (2.20)$$

$$\mathcal{E} = \frac{390}{70} = 5.57 \text{ мг / м}$$

11. Ашу бойынша өзіндік құны:

$$C_{\mathcal{O}} = K_1 + \mathcal{E}, \quad (2.21)$$

$$C_{\mathcal{O}} = 9 + 4 = 13 \text{ мг / м}$$

12. Келтірілген шығыс:

$$J = C_{\mathcal{O}} + K \cdot E = 12.07 + 268 \cdot 0.15 = 52.27 \text{ мг / м} \quad (2.22)$$

**2 - тәсіл**

1) Күрделі жұмсалымдар.



1. Бас тік оқпанды өту құны:

$$K_{BO} = H_{BO} \cdot K_{BO} \cdot n, \quad (2.23)$$

мұндағы  $H_{BO}$  - клеттік бас оқпан тереңдігі, м;

$K_{BO}$  - 1м оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны.

$$K_{BO} = 1000 \cdot 165000 \cdot 1 = 165000000 \text{ тг.}$$

2 Көмекші оқпанды өту құны:

$$K_{KO} = L_{KO} \cdot K_{KO} \cdot n, \quad (2.24)$$

мұндағы  $L_{KO}$  - көлбеу оқпанның ұзындығы, м;

$K_{KO}$  - 1м көмекші оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны

1. Желдетпе оқпанды өту құны:

$$K_{JO} = H_{JO} \cdot K_{JO} \cdot n, \quad (2.25)$$

мұндағы  $H_{JO}$  - оқпан тереңдігі, м;

$K_{JO}$  - 1м желдетпе оқпанды өту құны, тг/м;

$n$  - оқпандар саны.

$$K_{JO} = 800 \cdot 110000 \cdot 2 = 176000000 \text{ тг.}$$

4. Қылуеттерді өту құны:

$$K_{KBL} = L_K \cdot K_K, \quad (2.26)$$

мұндағы  $L_K$  - қылуеттің ұзындығы, м;

$K_K$  - 1м қылуетті өту құны, тг/м;

$n$  - қылуеттер саны

$$K_{KBL} = 3600 \cdot 2100 = 7560000 \text{ тг.}$$

5. Күрделі өрлемелерді өту құны:

$$K_o = \sum h_o \cdot K_k, \quad (2.27)$$

$$K_o = 1428 \cdot 12000 = 17142857 \text{ мг}$$

6. Оқпан албарын өту құны:

$$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot A_{ж}) \cdot n_{OA}, \quad (2.28)$$

мұндағы  $A_{ж}$  - кеніштің жылдық өнімділігі, т/жыл;

$n_{OA}$  - оқпан албарының саны;

$$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot 1.7) \cdot 1 = 816000.24 \text{ мг}$$

7 Жерүсті ғимараттарды салу құны:

$$K_{жГ} = 9.2 + 3.24 \cdot A_{ж}, \quad (2.29)$$

$$K_{жГ} = 9.2 + 3.24 \cdot 1.7 = 5508009.2 \text{ мг}.$$

8. Күрделі жұмсалымдар жиынтығы:  $\sum K = 367069658.1 \text{ мг}.$

9. 1т түсім қорына шаққанда

$$K_1 = \frac{\sum K}{Q_e}, \text{ мг} / \text{м}; \quad (2.30)$$

$$K_1 = \frac{367}{70} = 5.24 \text{ мг} / \text{м}.$$

10. Меншікті күрделі қаржы

$$K_1 = \frac{\sum K}{A_{ж}}, \text{ мг} / \text{м} \quad (2.31)$$

$$K_1 = \frac{367}{1.7} = 215 \text{ мг} / \text{м}.$$

II) Тұтынымдық шығындар

1. Бас оқпанды күтіп ұстау құны:

$$C_{BO} = H_{BO} \cdot r_{BO} \cdot T \cdot n_{BO}, \quad (2.32)$$

мұнда  $r_{BO}$  - 1м оқпанды күтіп ұстау құны, тг/м;

$$C_{BO} = 1000 \cdot 165000 \cdot 1 \cdot 62 = 102300000 \text{ тг.}$$

2. Көмекші оқпанды күтіп ұстау құны:

$$C_{KO} = H_{KO} \cdot r_{KO} \cdot T \cdot n_{KO}, \quad (2.33)$$

мұндағы  $H_{KO}$  - көлбеу оқпан ұзындығы, м;

$r_{KO}$  - 1м оқпанды күтіп ұстау құны, тг/м;

3. Желдетпе оқпандарды күтіп ұстау құны:

$$C_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot r_{ЖО} \cdot n_{ЖО} \cdot T, \quad (2.34)$$

мұндағы  $r_{ЖО}$  - 1м желдетпе оқпанды күтіп ұстау құны, тг;

$$C_{ЖО} = 800 \cdot 110000 \cdot 2 \cdot 62 = 109120000 \text{ тг.}$$

4. Қылуеттерді күтіп ұстау құны:

$$C_{КЫЛ} = L_K \cdot r_K \cdot T \cdot n_K, \quad (2.35)$$

мұндағы  $L_K$  - қылуеттердің ұзындығы, м;

$r_K$  - 1м қылуетті күтіп ұстау құны, тг/м.

$$C_{КЫЛ} = 3600 \cdot 600 \cdot 62 \cdot 1 = 133920000 \text{ тг.}$$

5. Қылуетпен тасымалдау құны:

$$C_{КТ} = L_{КТ} \cdot Q \cdot K_T, \quad (2.36)$$

мұндағы  $K_T$  - тасымалдау құны, тг/т·м;

$$C_{КТ} = 3600 \cdot 70 \cdot 0.0002 = 50.4 \cdot 10^6 \text{ тг.}$$

6. Кенді көлбеу оқпанмен тасымалдау құны:

$$C_{КОТ} = 0.5(H + h_n) \cdot Q_m \cdot C_{КТ}, \quad (2.37)$$

$$C_{КОТ} = 0.5(1000 + 20) \cdot 70 \cdot 0.0004 = 7.14 \cdot 10^6 \text{ мз}$$

7. Сутөкпе құны:

$$C_{КОТ} = 48(H + h_n) \cdot 0.5 \cdot C_{сү}, \quad (2.38)$$

$$C_{КОТ} = 0.5(1000 + 20) \cdot 70 \cdot 0.0004 = 14.28 \cdot 10^6 \text{ мз}$$

8. Шақты үсті ғимаратын күтіп ұстау және жөндеу құны:

$$C_{шт} = (0.164 + 0.007 \cdot A_{ж}) \cdot T, \quad (2.39)$$

$$C_{шт} = (0.164 + 0.07 \cdot 1700000) \cdot 62 = 7378010 \text{ мз}.$$

9. Тұтынымдық шығындар жиынтығы:

$$\sum \mathcal{E}_{ж} = 234260010 \text{ мз}$$

11.1т түсім қорына шаққанда:

$$\mathcal{E} = \frac{\sum \mathcal{E}_{ж}}{Q_T}, \quad (2.40)$$

$$\mathcal{E} = \frac{234}{70} = 3.3 \text{ мз} / \text{м}$$

12. Ашу бойынша өзіндік құны:

$$C_{\mathcal{E}} = K_1 + \mathcal{E}, \quad (2.41)$$

$$C_{\mathcal{E}} = 5.24 + 3.3 = 8.24 \text{ мз} / \text{м}$$

13. Келтірілген шығыс:

$$J = C_{\mathcal{E}} + K \cdot E \quad (2.42)$$

$$J = 8.24 + 215 \cdot 0.15 = 40.49 \text{ тг/м}$$

Есептеулер нәтижесін 2.1 кестеге - енгіземіз.

2.1-кесте.

Ашу нұсқаларының ТЭЖ-і

Қаржы шығындары	Пайдаланылған формула	Нұсқаулар	
		I	II
<b>I Күрделі қаржы</b>			
Бас тік оқпанды өту	$K_{BO} = H_{BO} \cdot K_{BO} \cdot n$	148	165
Көмекші оқпанды өту	$K_{KO} = L_{KO} \cdot K_{KO} \cdot n$	142	
Желдетпе оқпанды өту	$K_{ЖО} = H_{ЖО} \cdot K_{ЖО} \cdot n$		176
Қылуееттерді өту	$K_{КБЛ} = L_K \cdot K_K$	55	75
Күрделі өрлемелерді өту	$K_o = \sum h_o \cdot K_k$	20	17
Оқпан албарын өту	$K_{OA} = (0.24 + 0.48 \cdot A_{Ж}) \cdot n_{OA}$	1	1
Жерүсті ғимараттарды салу	$K_{ЖГ} = 9.2 + 3.24 \cdot A_{Ж}$ ,	5,5	5,5
Күрделі қаржы жиынтығы	$\sum K$	467	356
Іт түсім қорына шаққанда	$K_1 = \frac{\sum K}{Q_e}$	6,5	7,24

$$L_{\text{коз}} = \sqrt{\frac{900(165000 + 1200 \cdot 25) \cdot 1 + 850(110000 + 900 \cdot 25) \cdot 3 + \sum 2600 + 28488 + 14.9 + 0,8}{500 \cdot 12.5 \cdot 2.8 \cdot 0.90 \cdot 0.0005}} = 3625 \text{ м}$$

Кеніштің оңтайлы ұзындығы 1500м деп қабылдаймыз.

Қорыта келгенде бәсекелес нұсқалардың келтірілген шығыстарын салыстырамыз. Ең аз шығысты тиімді деп шешуіміз қажет. Бірақ жобаланып отырған кенішті 3 оқпанмен ашу тиімдірек деп біз II-нұсқаны сырғу алабынан тысқары бас оқпанмен, қапталдан түскен екі желдетіс оқпандар, қылуееттер мен күрделі өрлемелермен ашу тиімді деп аламыз.

### 2.3 Бас ашу қазбасы түстін жерді анықтау

Бас ашу қазбасы түсетін жер, ашу тәсілдерін таңдау кезінде жобаланып алынып қояды. Бас ашу қазбасы түсетін орнын анықтар алдында ескерілетін талаптар: тау жыныстарының геологиялық құрылымы; жер бетінің бедері; жол қатынасын салу мүмкіншілігі; шахты үсті ғимараттар мен басқа да өнеркәсіптік құрылыстар салу; кен жинайтын қоймалар мен бос тау жынысын төгетін алаңдар т.б.

Бас оқпанның түсетін орнын анықтауда ең бірінші ескеріліп, көңіл аударатын фактор қажетсіз шығынды азайту. Кеніш алабының оң және сол

қанатынан тасылып жеткізілетін кенге жұмсалатын қаражат бірдей аспайтын қашықтықта орналасуы шарт.

Жерасты көлігі жұмысының ең аз мөлшерін қамтамасыз ететін негізгі ашу қазбасының түсетін орнын анықтаудың екі түрлі әдісі бар:

- 1) Академик А.Д. Шевяковтың графикалық және аналитикалық әдістері;
- 2) Профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдістері.

Негізгі ашу қазбалары түетін орынды профессор С.К. Соболевскийдің графика-аналитикалық әдісімен анықтау бізге тиімдірек.

Практикада құлау бұрышы үлкен, қалыңдығы біркелкі емес, әрі жанас тау жыныстарымен шекарасы айқын байқалмайтын жеке кен сілемдерінен кен қазу жиі кездеседі. Сондықтан да жарылымы көлбеу, күрт құлама жататын кен қабаттарынан кен өндірудің жобасы жасалған кездерде бас оқпанның немесе штольняның түсетін орны басқа әдістерді пайдалану арқылы нықталады. Ондай әдістің бірі профессор С.К. Соболевский ұсынған графика-аналитикалық әдіс:

1) Көлденең жүргізілген  $M$ ,  $N$  сызыққа кез-келген  $l_1, l_2, l_3, \dots, l_n$  қашықтықта түзіледі;

2) Сызықта қарастырылған жүктің нүктесінен  $M$ ,  $N$  сызығына перпендикуляр жүргіземіз;

3) Кез-келген масштабпен көмекші  $A$ ,  $B$  көлденең сызық сызамыз;

4)  $A$  және  $B$  нүктелерінен перпендикуляр көшіріп ол перпендикулярға масштабпен  $Q_1, Q_2, \dots, Q_n$  жүктерін түсіреміз;

5) " $A$ " нүктесінен топтастырылған жүктердің орталығымен сәуле арқылы қосамыз;

6)  $Q_1, Q_2, Q_3, \dots, Q_n$  топтастырылған жүктерді солдан оңға қарай көшіреміз, тек  $Q_n, \dots, Q_2, Q_1$  жүктерін  $A$  нүктесіне түсірілген перпендикулярға түсіреміз.

Сонымен бас оқпан кен орнының сол жағынан 890м, ал оң жағынан 760 м болған жерде орналасады.

### 3 Қазу жүйесі

#### 3.1 Қазу жүйесін таңдау

1969ж. Ө.А.Байқоңыров өзінің әлемге белгілі еңбегінде 3000 артық қазу жүйесі белгілі деп жазған. 20 – 25 жыл ішінде 500 ден астам жүйелер дүниеге келеді. Осылардың ішінде бізге маңызды деген екі қазу жүйесін аламыз.

Барлық ғалымдар қазу жүйесін таңдау жұмысын екі кезеңге бөледі.

Бірінші кезеңнің алдын ала қазу жүйесін таңдау кен орынның геологиялық және тау – кен ерекшеліктерін ескеріп, сол ерекшеліктердің ең маңыздысына сүйене отырып, ТІКЕЛЕЙ СҰРЫПТАУ әдісін пайдаланып, қолданылуы мүмкін деген 5 – 6 қазу жүйесі таңдалады. Алдын ала таңдау кезеңінде, қазу жүйесіне әсерін тигізетін үнемі әрекет етуші және құбылмалы айғақтар қарастырылады.

Егер ғалымдардың көбі бірінші кезеңде бір дауысты болып, алдын – ала таңдауды тікелей сұрыптау әдісімен өткізсе, екінші кезеңде олардың пікірі бір – бірінен бөлек болып, әрқайсысы өз әдістемесін ұсынады.

1. Профессор Чарквиани екінші кезеңде қазу жүйесінің ақырғы экономикалық шешімді, кеннің бағалығын, оның өзіндік құнымен салыстырып отырған.

2. Городецкий О.И рентабельдік көрсеткіші арқылы теңдеуді ұсынды.

3. Каплунов қазу жүйесінің пәрменділік коэффициенті арқылы таңдауға болады деген пікір айтты.

4. Агошков қазу жүйесін салыстырғанда 1т. кеннің өз құнын учаске бойынша алып, оның үстіне жоғалым және құнарсыздықты қосқан. т.с.с.

Ө.А.Байқоңыров екінші кезеңде алдын – ала таңдауға түскен қолдануға тиімді қазу жүйесінің көп факторлы критериялы түрін норма векторлық шамамен анықталады. Осы Ө.А.Байқоңыровтың әдістемесіне сүйене отырып, жобаланып отырған Жезқазған кенішіндегі қолданылуға болады ау деген қазу жүйелерін, техника – экономикалық көрсеткіштеріне салыстыра отырып, есептеулер жүргіземіз.

Кеніш жұмстарының маңызды көрсеткіштері: кеніш жұмыстарының жұмыс өнімділігі, кен өндірудің өзіндік құны, өндірудегі жоғалым мен құнарсыздық мөлшері, қайта өңдеудегі жұмсалған жоғалым мөлшері, тау-кен кәсіпорының соңғы өнімнің өзіндік құны мен мөлшері және тапқан пайданың өлшеміне байланысты болады.

Сондықтан жобаланып отырған және жұмыс істеп тұрған кеніштер үшін конструкциялық элементтерін және қазу жүйесін таңдау маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жезқазған кен орны үшін ұтымды қазу жүйесін таңдау екі кезеңнен тұрады:

Тиімді кен қазу жүйесін таңдау екі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең:

Алдын – ала қазу таңдау кенорнының жертанулық және тау-кен ерекшеліктерін ескеріп, сол ерекшеліктердің ең маңыздысына сүйеніп, тигізетін үнемі әрекет ететін тұрақты және айнымалы айғақтар негізінде бәсекелес жүйе анықтаймыз.

Тікелей сұраптау әдісін пайдаланып, кестеде көрсетілген тұрақты және айнымалы айғақтардың әсерін ескере отырып, жобалап отырған жағдайларға сәйкес бірнеше қазу жүйесін сұрыптаймыз. Қазу жүйесін таңдау үшін кеңістікті ұстау шарты қолданылған қазу жүйелерінің топтамасын (1) қазуға негіз етіп аламыз. Тұрақты және тұрақсыз айғақтар 3.1 – кестесінде келтірілген.

### 3.1 – кесте

#### Тұрақты және тұрақсыз айғақтар

	Айғақтар	Айғақтар сипаттамасы	Ықтимал қазу жүйелері
1	I Тұрақты айғақтар		
1	Кеніштің қалыңдығы	Қуаты орташа	1,2,3,4,5,6,7
2	Кен мен таужыныстарының түйісу өзгешілігі	Орташа	
3	Кеніштің құлау бұрышы	Жазық	1,2,3,4,5,6,7
	II Айнымалы айғақтар		
4	Кеніш элементтерінің тұрақсыздығы		1,2,3,4,5,6,7
5	Кеннің тұрақтылығы	Тұрақты	1,2,3,4,5,6,7
6	Тау-жынысының тұрақтылығы	Тұрақсыз	1,2,3,4,5,6,7
7	Кеніштің ішіндегі минералдардың бөліну ерекшелігі		1,2,3,4,5,6,7
8	Кеннің бағалығы	Орта бағалы	1,2,3,4,5,6,7
9	Кенің жатып қалып жабысуы, тотықтануы, өздігінен жануы.		1,2,3,4,5,6,7
10	Тау – кен жыныстарының минералдық құрымы	Минералы жоқ	1,2,3,4,5,6,7
11	Қазу тереңдігі	470	1,2,3,4,5,6,7
12	Кен орнының су өтетін, су сіңетін, су жинайтындығы т.с.с. әрекеттер	Су жинамайды	1,2,6,7
13	Жер бетінің және тау жыныстарының құлау, опырылу мүмкіншілігі	Опырылу мүмкіншілігі бар	1,3,6,7
14	Қазу жүйесін таңдауға әсер ететін басқа айғақтар	Темір, тас жолдары бар	1,5,6,7

Қолдануға мүмкін қазу жүйелері:

- 1) Панельдік – дінгекті қазу жүйесі.
- 2) Жазық кенүңгірлі толтырмалы қазу жүйесі
- 3) Қатпарлап толтырмалы қазу жүйесі.

Осы үш қазу жүйесі қолдануға мүмкін, бірақ тұтас қазу жүйесі және толтырмалық кен үңгірлік қазу жүйелерінің артықшылығынан кемшілігі мөл. Болғандықтан, екінші сатыдағы салыстырудан алып тастаймыз да, салыстыруға 1,2,3 қазу жүйелерін саламыз.



Екінші кезең.

Бәсекелес 1,2,3 қазу жүйелері арасынан ең тиімдісін анықтау үшін мына әдістемені қолданамыз. Қазу жүйесін таңдауда басты шамашарттары 3.2 – кестесінде келтірілген.

3.2 – кесте

Қазу жүйесін таңдауда басты шамашарттар

№	Оңтайлы белгілердің өлшемі, Аталымы	қазу жүйелері		
		I	II	III
1	Кенжаршының еңбек өнімділігі, т/ауыс	(45)	27	8
2	1 т кеннің өзіндік құны, т/теңге	(1600)	2200	2700
3	Түсім коэффициенті	(0,85)	(0,85)	0,82
4	Құнарсыздық коэффициенті	(0,08)	(0,08)	(0,08)
5	Кеннің құндылығы, теңге/т	(353222)	(353222)	290067
6	Жоғалымның зияны, теңге/т	37153	(16631)	23417
7	Құнарсыздық зияны, теңге/т	4120	(4106)	4224
8	Технологиялық жұмсалымдар (қазу, тасу, байыту, балқыту)	(5900)	6300	6600
9	Тиімділігі (рентабельность)	(13,8)	13,6	10,3
10	Қазу жүйесінің пәрменділік коэффициенті	6,3	(16,6)	9,5

Енді белгілердің мәндерін әдебиеттен немесе өндірістік есептен аламыз. Қалған белгісіздерді есептеп шығарамыз.

Кеннің құндылығы,

$$\sum C = \frac{\alpha_{q1}(1-R)\varepsilon_{01}}{100} \cdot P_1 + \frac{\alpha_{q2}(1-R)\varepsilon_{02}}{100} \cdot P_2 + \frac{\alpha_{qn}(1-R)\varepsilon_{0n}}{100} \cdot P_n, \quad (3.1)$$

мұндағы  $\alpha_{q1}, \alpha_{q2}, \dots, \alpha_{qn}$  - қазып алған кеннің ішіндегі металл мөлшері;

$\varepsilon_{q1}, \varepsilon_{q2}, \dots, \varepsilon_{qn}$  - өндірістік метадың 1,2, п алу коэффициенті;

$P_1, P_2, \dots, P_n$  - 1,2, п минералдың алу бағасы.

Бірінші қазу жүйесі,

$$\sum C_1 = \frac{1,12(100-7) \cdot 0,85 \cdot 235920}{100} + \frac{1,25(100-7) \cdot 0,85 \cdot 65790}{100} + \frac{1(100-7)0,82 \cdot 104040}{100} = 353222$$

Екінші қазу жүйесі,

$$\sum C_1 = \frac{1,12(100-7) \cdot 0,85 \cdot 235920}{100} + \frac{1,25(100-7) \cdot 0,85 \cdot 65790}{100} + \frac{1(100-7)0,82 \cdot 104040}{100} = 353222$$

Үшінші қазу жүйесі,

$$\sum C_1 = \frac{1,12(100 - 22) \cdot 0,85 \cdot 235920}{100} + \frac{1,25(100 - 22) \cdot 0,85 \cdot 65790}{100} + \frac{1(100 - 22) \cdot 0,82 \cdot 104040}{100} = 290067$$

Жоғалымның экономикалық зардабын профессор Р.П. Каплуновтың әдістемесімен табамыз,

$$Q_n = d \left( \frac{\Pi - 0,01R\Pi}{100 - \Pi} \right), \quad (3.2)$$

мұнда  $\left( \frac{\Pi - 0,01R\Pi}{100 - \Pi} \right)$  - жоғалымның мөлшері;

